

## ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ GENERAL HISTORY

УДК 327 (47+57)(517.3)  
ГРНТИ 03.09.09

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.06>

Т.Н. Мухажанова<sup>1\*</sup>, Дәуіт Б.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>т.ғ.к., доцент Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қауымдастырылған профессоры,  
Алматы қ., Қазақстан

E-mail: [tolkynm3010@gmail.com](mailto:tolkynm3010@gmail.com).

<sup>2</sup> Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2 курс магистранты Алматы қ., Қазақстан

E-mail: [bazarbay.dauit@mail.ru](mailto:bazarbay.dauit@mail.ru)

### КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ МОНГОЛИЯМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

#### Аңдатпа

Мақалада КСРО және Моңғол халық республикасы арасындағы саяси қарым қатынас мәселелері қарастырылған. Екі ел арасындағы қарым-қатынас мәселелерінің алғы шарттары, екі тараптың келісімге отыру себептері қарастырылады. Сонымен қатар екі тараптың келісімге келу қарсаңындағы Моңғолияның саяси-әлеуметтік экономикалық жағдайы, Қытай елімен болған шиеленістердің салдары, жалпы осы Кеңес Одағымен Моңғолияның саяси одақ құрамына бірігу мәселесі қарастырылады. Сонымен қатар сол кездегі Моңғол қалқының қоғамдық жағдайын сарптай отырып, отар еліне айналған елдің жағдайына ерекше көңіл аударамыз. КСРО үшін МХР дың одақ елдер қатарына қосу мақсатына әрине Моңғолияның географиялық орналасу ерекше рөл атқарды. Сондықтан ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі геосаяси ахуал мәселелеріне басты көңіл бөлінді. Зерттеу аясында зерттеушілердің жеке тәжірибесіне сүйене отырып бұл мақала негізінен сыни көзқарас негізінде сарапталды. Дегенмен бұл саяси одақтың да өз кемшіліктері болды, басқа мемлекеттер сияқты одақ құрамындағы ұлттық мүде, тіл, мәдениет, дәстүр деген сияқты маңызыды мәдени институттардың дамуы мүлдем күн тәртібінен алынып тасталды деп айтсақта болады. Сонымен қатар өте күрделі дін мәселесі де, осы мақалада қарастырылады. Жалпы КСРО өз құрамындағы елдерге не берді, нені үлгі етіп қалдыра алды деген мәселемен қортынды жасалады.

**Кілт сөздер:** КСРО, МХР, социализм, Цин империясы, конституция, монах, ұжымдастыру.

Мухажанова Т.Н.<sup>1\*</sup>, Дауит Б.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>к.и.н., ассоциированный профессор КазНУ им. Аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

E-mail: [tolkynm3010@gmail.com](mailto:tolkynm3010@gmail.com).

<sup>2</sup> магистрант 2 курса КазНУ им. Аль-Фараби г. Алматы, Казахстан

E-mail: [bazarbay.dauit@mail.ru](mailto:bazarbay.dauit@mail.ru)

### ПРЕДПОСЫЛКИ ФОРМИРОВАНИЯ ОТНОШЕНИЙ СОВЕТСКОГО СОЮЗА С МОНГОЛИЕЙ

#### Аннотация

В статье рассматриваются вопросы политических отношений между СССР и Монгольской Народной Республикой. Рассматриваются предварительные условия вопросов отношений между двумя странами, причины заключения соглашения обеими сторонами. Также будет рассмотрен вопрос политико-социально-экономического положения Монголии накануне достижения соглашения обеими сторонами, последствия напряженности с китайской страной, объединение Монголии в политический союз с этим Советским Союзом в целом. Особое внимание мы уделяем состоянию страны, которая в то время стала колонией, сарптируя общественное положение монгольского попа. Особую роль для СССР сыграло географическое положение Монголии в целях включения МХР в число стран Союза. Поэтому особое внимание было уделено вопросам геополитической ситуации в первой четверти ХХ века. В рамках

исследования, основываясь на личном опыте исследователей, эта статья была проанализирована в основном на основе критического подхода. Тем не менее, можно сказать, что этот политический союз имел свои недостатки, и, как и другие государства, развитие в Союзе таких важных культурных институтов, как национальный дух, язык, культура, традиции, было снято с повестки дня. Также в этой статье будет рассмотрен очень сложный религиозный вопрос. В целом СССР подводит итог вопросу о том, что он дал странам в своем составе, что смог оставить примером.

**Ключевые слова:** СССР, МХР, социализм, империя Цин, конституция, монах, коллективизация.

Mukazhanova T.N.<sup>1\*</sup>, Dayit B.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> associ. professor al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: [tolkynm3010@gmail.com](mailto:tolkynm3010@gmail.com).

<sup>2</sup> 2 nd year master student of KazNU named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

E-mail: [bazarbay.dauit@mail.ru](mailto:bazarbay.dauit@mail.ru)

## PREREQUISITES FOR THE FORMATION OF RELATIONS OF THE SOVIET UNION WITH MONGOLIA

### Abstract

The article deals with the issues of political relations between the USSR and the Mongolian People's Republic. The preliminary conditions of the issues of relations between the two countries, the reasons for the conclusion of an agreement by both parties are considered. The issue of the political, socio-economic situation of Mongolia on the eve of reaching an agreement by both parties, the consequences of tension with the Chinese country, the unification of Mongolia into a political union with this Soviet Union as a whole will also be considered. We pay special attention to the state of the country, which at that time became a colony, sarping on the social position of the Mongolian priest. The geographical position of Mongolia played a special role for the USSR in order to include the MHR in the number of countries of the Union. Therefore, special attention was paid to the geopolitical situation in the first quarter of the twentieth century. As part of the study, based on the personal experience of the researchers, this article was analyzed mainly on the basis of a critical approach. Nevertheless, it can be said that this political union had its shortcomings, and, like other states, the development in the Union of such important cultural institutions as national spirit, language, culture, traditions, was removed from the agenda. Also in this article will be considered a very complex religious issue. In general, the USSR sums up the question of what it gave to the countries in its composition, what it was able to leave as an example.

**Keywords:** USSR, MHR, socialism, Qing empire, constitution, monk, collectivization.

**Кіріспе.** Отандық тарих ғылымында Моңғолия мәселесіне арналған зерттеу еңбектері жоқтың қасы, соның ішінде ХХ ғасырға қытысты оқиғалар тіпті зерттелмеген деп айтса да болады. Сондықтан біздің зерттеу мәселеміз «Кеңес одағының монғолиямен қарым-қатынастарының қалыптасуының алғы шарттарына» арналып отыр. Кеңес Одағы сияқты империя мен Моңғолия арасындағы саяси келісім шарттар мен олардың барысы мақалада қарастырылғандықтан тақырыптың маңыздылығы арта түседі.

**Тақырыптың өзектілігі.** Отандық тарих ғылымында Моңғолия елінің дербес республика болып жариялануы және оның алғы шарттары бұрын соңды қарастырылмағандықтан тақырыптық өзектілігін арттыра түсетіні сөзсіз. Сонымен қатар, шекара мәселесі, геосаяси жағдай және одақ құрамына енгеннен кейінгі қоғамның дін, мәдениет, тіл, дәстүр деген сияқты маңызды мәселелер қарастырылып, тақырыптың маңыздылығы нығайту.

**Мақсаты мен міндеттері:** Мақаланың мақсаты – екі ел арасындағы қарым-қатынастардың барысы мен нәтижесін сараптау. МХР құру барысында атқарылған іс-шараларды талықлау және екі ел арасындағы одақтық келісімдердің тиімді және тиімсіз тұстарын айқындау.

**Матриалдар мен әдістемесі:** Зерттеу нысанына алынған тақырып бойынша моңғолдардың ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі саяси-тарихи кезеңдері, геосаяси үрдістер, мемлекеттілігі секілді мәселелер көтеріліп, тарихнамалық бағытта шолу жұмыстары жүргізілді. Ғылыми еңбектің фило-софиялық базасын тарихилық принципіне негізделген диалектикалық материализм құрады да, отандық және шетелдік мамандардың тарихи және теориялық жұмыстары ізденістің методологиясы мен әдістерін біріктірді. Зерттеу нысаны өзара байланыстағы жүйе ретінде қарастырылып, тарихи байланыстардың жиынтығы және оның даму заңдылықтарын көрсететіндігіне акцент берілді. Әлбетте, ең негізгісі – кешенді ұстаным. Өз кезегінде кешенді ұстаным тарихи құбылыстарды, оқиғалар мен үрдістерді біртұтас әрі жан-жақты

талдауға мұрындық бола алады. Оған әсіресе қосалқы тарихи пәндердің әдіс-тәсілдерін кіріктіреп болса, мәселені әр қырынан сипаттауға мүмкіндік береді. Айта кету керек, ғылыми ізденісте жалпы ғылыми әдістер (тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, сыныптама, типологизация, т.б.) және олардың арнайы әдіс-тәсілдері жиі қолданылды. Ал жалпы теориялық ұстындарға келетін болсақ, олар мақаланың мақсаты мен міндеттерінен туындады. Мақалада негізге алынған Кеңес одағы МХР арасындағы саяси-әлеуметтік жайттар ізденістегі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады және бұл мәселе МХРдың жалпы қалыптасып дамуымен бірге өрбітіліп, жалпы теориялық ұстындардан шет қала қоймады. Заманауи ғылыми ізденістерде этногенез бен этномәдениет мажарлардың тарихи тағдыры сауалдары айналасында қарастырылып келе жатқандығы жасырын емес. Ғылыми ізденісте МХР-дың дамуының жалпылама заңдылықтарын айқындауға мәнберілді. Алайда заңдылықты түрлі методологиялық мектептің өкілдері әртүрлі түсінетіндігі де белгілі. Позитивизм бойынша заңдылық оқиғалардың бағдарланған дамуы ретінде мәнге ие болса, диалектика заңдылықтың ішкі қарама-қайшылықтарына ерекше мән беруімен ерекшелінеді. Сол себепті моңғол халқының этномәдениет сауалдарды қарастырылған кезде осы методологиялық ұстанымдарға ерекше көңіл бөлінді. Яғни, қарастырылып отырған мәселеге байланысты негізгі заңдылықтарды анықтау арқылы тарихи танымға қол жеткізуге деген ұмтылысты көруге болады.

Моңғол халқының жалпы ортағасырлық тарихынан түркі халықтарымен саяси және мәдени байланыстарын айшықтау үшін бірқатар тарих ғылымына ортақ әдістер пайдаланылды. Оның ішінде этномәдени ықпалдастықтардың бағыт бағдарын айқындауда салыстырмалы әдіс, талдау, тарихилық әдіс-тәсілдері, жүйелеу, әдебиеттерді жинақтау және объективті баға беру, деректерді ішкі және сыртқы формасына қарайсынау, дискурсивті әдістер қолданылды. Сонымен қатар, моңғолдардың кеңес одағымен арасындағы мәселелерді қарастыру барысында этноәлеуметтанулық зерттеу әдістері пайдаланылды. Соның ішінде моңғол халқының әлеуметтік ахуалын өзара бірегейлігін анықтау мақсатында қоғамдық ғылымдарға тән этномәдени шекараларды анықтау, мәдени ара-қашықтықтың алыс-жақындығы сияқты методологиялық ұстанымдар қолданылды.

Моңғолия десек ойымызға бірден Шыңғыс хан келетіні анық. Иә олар осыдан он ғасырға жуық жарты әлемді бағындырған ұлы қайраткердің ұрпағы. Бүгінгі күнде де Моңғолияның территориясы тым кішкене депте айта алмаймыз. Жер аумағы бойынша әлемде 18 мемлекет. Моңғолия Орталық Азияның шығыс бөлігінде орналасқан. Солтүстігі Ресей Федерациясымен, ал оңтүстігі, шығысы, батысы Қытай Халық Республикасымен шекараласады. Географиялық орналасуына байланысты бұл мемлекеттің жер аумағы қызықтыратын тиімді стратегиялық пункт. Моңғолия осы екі елдің ортасында орналасқандықтан геосаяси жағдай шымшытырық оқиғалармен жалғасып отырды. Сондықтан екі алып империяның саяси ойындарының нәтижесінде саяси дербестік мәселесі кенже қалып отырды. Дегенмен Моңғолия да КСРО үлгісімен дамыған мемлекеттердің бірі. Моңғолия бүгінгі күнде демократиялық бағытты ұстанған тәуелсіз мемлекет 4 миллионға жуық халқы бар. 1920-1990 жылдар аралығындағы 70 жылға жалғасқан екі ел арасындағы саяси қарым қатынас жайлы Моңғолия тарихшылары мен қатар көптеген шетелдік тарихшылар, көптеген халықаралық ұйымдар тарихи зерттеу еңбектерін жазған болатын. Бұл тақырыпқа байланысты Michael Dillon Political History of the land and it's people Стивен Коткин, Брюс Аллен Эллеманның XX ғасырдағы Моңғолия, С.Л. Кузьмин, Ж.Оюунчимэг Социализмге қарсы көтеріліс (1932 жыл) деген сияқты тамаша еңбектерді атап айтуымызға болады. Ия бұл еңбектер барлығы дерлік Моңғолияға қатысты оның сыртқы елдермен қарым қатынасы туралы болсада, жүгінген деректерге және автордың жеке көзқарастарына байланысты оны қортындылау деген мәселелермен ерекшеленеді. Мысалы бірі Ресей Моңғолияның дамуына зор үлес қосты десе біреулері керісінше Моңғолияның Ресейден шеккен азабының басым екенін айтады. Біздің бұл мақаланы жазудағы басты мақсатымыз тарихта болған осынау жағдайларға шама шарқымыз келгенше өз көзқарасымызды білдіру. Тақырып “КСРО және Моңғол халық республикасы арасындағы қарым қатынастарының алғы шарттары” болғандықтан екі ел арасындағы саяси қарым қатынастың басталуы яғни 1924-1940 жылға дейінгі жылдарға ғана тоқталып өтуді жөн санадық. КСРО және Моңғолия арасындағы саяси қарым қатынас негізінен үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Біз осы мақалада 1921-1939 социализмнің бастапқы кезеңі яғни I кезең шеңберіндегі мәселелерді қарастыратын боламыз.

**Негізгі бөлім.** Кеңес одағының моңғолиямен қарым-қатынастарының қалыптасуының алғы шарттары. Моңғолия осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын яғни 1924 жылы ресми түрде тәуелсіз мемлекет ретінде жарияланды. XVII ғасырдың соңы XX басы 200 жылдай Қытайдың құрамында болды. 1911 жылғы Моңғол халқының ұлт-азаттық қозғалысы нәтижесінде Қытайдың құрамынан бөлініп шығып автономия мәртебесін жариялады. Моңғолия бұған дейін де Қытайдың құрамынан шығуға неше мәрте

әрекет жасағанымен нәтижесіз болған. Бірақ 1911 жылы Цин империясы Моңғол халқын ұстап қала алмады. Дегенменде бұл Моңғол халқының бір бөлігі ғана еді. Моңғолия Қытайдан тысқары бөлініп шыққанымен Қытай оларды әліде өз бөлшегі ретінде қарады. Тарихтағы болған оқиғалар біреу үшін қайғы қасірет алып келсе, біреу үшін қыйындықтан шығуға оңай шешімдер алып келеді. Дәл сол сияқы Ресейдегі азаматтық соғыстың басталуы (1917) және сол кездегі әскери қолбасшылардың бірі Барон Унгерн фон Штернберг бастаған Ресейдің ақ армиясының азиялық атты әскер дивизиясы Моңғолия жеріне кіріп келуі, соның нәтижесінде көп уақыт өтпей ақ Барон Унгерн бастаған әскери топ қытай партизандарынан Да Хүрээ қазіргі (Ұлан-Батыр)-ды босатып алуы, сол кездегі Моңғол халқы үшін бір баспалдақ болсын алға басуына зор үлесін тигізді. Сол үшінде Барон Унгерн бүгінде Моңғол халқы үшін тарихи тұлға. Негізі Барон Унгерннің жеке басына қатысты әркім әр түрлі көзқараста [1]. Саяси қайреткер болғасын оның жасаған ерлігі де қателігінің де болуы да заңдылық деп қабылдауға да болатын шығар. Осылайша Да Хүрээ-ні өз иеліктеріне алған Моңғолдар Богданы хан сайлады. Яғни бұл кезде хандық жүйе әлі жалғасып жатқан және Богд Моңғол тарихындағы соңғы ханы болып қалды. Сонымен қатар 1921 жылдың 3 айдың 1 де ресми түрде Моңғол халық партиясы құрылды. Уақытша үкімет құрылып партия төрағасы ретінде Данзан, премьер-министр ретінде Чагдаржав, сыртқы істер министрі ретінде Бодоо және халық армиясының генералы ретінде Сүхбаттар тағайындалды. Осылайша Моңғолдар тәуелсіз мемлекет құру жолындағы алғашқы қадамдарының бірін жасады. Бірақ Моңғолия тәуелсіздігін әлемде ешбір мемлекет мойындамады, тәуелсіз ел болудың кейбір критерилеріне сай емес деп танылды. Ресей империясының сыртқы істер министрі Д.Сазанов сынды адамдар Моңғолдарды тәуелсіз мемлекет болуға тарихи тұрғыдан дайын емес тіпті тәуелсіз мемлекет болуға қауқарсыз деген пікірде болды. Себебі әскер, қаржыгерлер, мемлекеттік қызметкерлер де жоқ” деп қарастырды. 1921 жылдың қыркүйегінде Моңғолия өзін әлемге тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Осы жылы 5 қарашада Моңғолия Халық Республикасы мен Кеңес Одағы Үкіметі арасында келісімшарт орнап екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың құқықтық негізін жасады [2]. Бұл келісім ресми түрде «de facto, de Jure » деген құжаттамалар бойынша іске асырылды. Моңғолия үкіметі тек Ресеймен ғана емес, сонымен қатар көптеген европалық мемлекеттермен байланыс орнатуды көздеді. 1922 жылы шығарылған “Моңғолияның максимумы” атты жоспарында моңғолдар Швейцария сияқты бейтарап республикаға айналады деп бекітті. Өкініштісі осындай кезеңдерде ұлт көсемдерінің ойы идеясы сан тарапқа бөлінуі. Атап айтар болсақ осындай маңызды шешімдер шығару барысында Данзанг,Бодоо,Сүхбаатар деген үш топқа бөлінді, бұлар бір біріне тікелей қарсы шығып бір бірінен алыстап кетпесе де ұлт ішіндегі бөлінулердің, сыртқы күштердің алауыздық тудыруына себеп болды. Мәселен сол кездегі биліктің сол жақ және оң жақ боп бөлінуі, нәтижесінде 1928 жылы Моңғол билігіне білімі төмен Марксизм мен ленинизмді догмамен жаттап алған жастардың келуіне алып келді. Міне осыдан бастап Моңғолия Ресейге заңдық тұрғыда тәуелді болмағанымен, персоналдық тұрғыда тәуелді болуына тура келді. Осы кезеңнен бастап КСРО Монғол халық республикасына өз саясатын жүргізе бастады. Бұл кезең Моңғол халқы үшін ең ауыр күндермен жалғасты. Екі алпауыт империяның ортасында миллионға жетер жетпес халқы бар Моңғолияның, тәуелсіз ел болуға деген талпынысы, халқының қайсарлығы осының бәрі азаттыққа деген асыл армандарға толы ұмтылыс еді. 1924 жылы Богда хан қайтыс болды. Осы жағдай елдегі біраз мәселелердің өзгеруіне алып келді. 1924 ж. 11 айдың 26 күні Моңғолияда алғашқы мемлекеттік жаңа заң жобасы қабылданып Моңғол Халық Республикасы деп жариялады. Моңғолияның тәуелсіздікке деген әрекеттері бұған дейін де бірнеше сатылардан өтті. Ғасырлар бойы аңсаған асыл арман жолында қаншама боздақ құрбандыққа шалынды, қаншама қайғы қасіретті бастан кешірді әрине тәуелсіздіктің, еркіндіктің адамзат үшін құнды болатыны да осы себепті.

Моңғол халық республикасы өз тәуелсіздігін ресми түрде жариялап Моңғол тарихындағы тағы бір жаңа парағын ашты. Дегенмен заң жүзінде тәуелсіз мемлекет ретінде жариялағанымен, іс жүзінде сыртқы күштер және ішкі келеңсіздіктерге байланысты жағдай ойлағандай болмайтыны белгілі еді. Жалпы жеке адам болсын қоғам болсын тығырыққа тірелген сәттерде бұл неге бұлай? Не үшін осындай сәтсіздіктер болады? Не себепті? деген сияқты заңды сұрақтар туындайтыны анық. Осы сұрақтарды Моңғолия тарапынан қояр болсақ және соған қатысты себептерді атап көрсетуге болады. Маңыздысы әрине мемлекеттің географиялық орналасуы.

Мемлекеттің орналасу концепциясында екі күрделі ұғым бар: саяси және географиялық. Осы ұғымдар бойынша қарастыратын болсақ кез келген мемлекет үшін көршілес шекаралас мемлекеттер, және сол шекаралас елдің күші, олардың саяси көзқарасы деген үш параметрмен сипатталады.

Моңғолия тарихтағы айдаһар және аю деген атпен мәлім екі үлкен мемлекеттің ортасында орналасқан. Сонымен қатар Ресей мен Қытайдың саяси ұстанымы да Моңғолия үшін қауіпті болды. Себебі ол екеуі де Моңғолияны өз территориясына қосуды басты мақсатта ұстады. Моңғолияны өз

құрамына қосып алу екі ел үшін де тиімді еді. Себебі Моңғолия жер көлемі бойынша және жер байлығы жағынан да аса үлкен қорларға ие сондай-ақ сол кезеңде екі ел үшін де шикі зат көзі ретінде таптырмайтын мүмкіндік болды. Қысқаша айтқанда Моңғолияға өз бетінше дербес мемлекет болып кетуіне мүмкіндік бермеді. Моңғолия ресми тұрғыда кеңес одағының құрамынан тыс болғанымен, бейресми тұрғыда 16-шы мемлекет ретінде қаралды. Сол үшін Ресей империясы өз саясатын емін еркін жүргізе алды. Ресми тұрғыда одаққа қоспағаны әрине Қытай Ресей ара қатынас мәселелеріне тікелей байланысты болды. Моңғолияны Кеңес Одағынан басқа ешкім мойындамады және оған тәуелсіз мемлекет ретінде аяғынан нық тұру үшін әлі де көп нәрсе жасау керек болды. Шынымн де осы кезеңде Моңғолия экономикалық тұрғыдан болсын, қарулы күш жағынан болсын көршілеріне төтеп бере алмайтын еді. Моңғол Халық Республикасы мемлекеттік даму жолында еуропалық модельді ұстанғысы келгенімен экономикалық жағдайға, сыртқы күштерден қорғану үшін амалсыздан Ресей империясының көмегіне жүгінді. Ал КСРО тарапынан алып қарайтын болсақ Моңғол Халық Республикасын тәуелсіз мемлекет ретінде мойындағанымен өз құрамына кіргізуді, кеңестік модельге кіргізуді басты назарға ұстады. 1924 жылы Моңғолия халық партиясы (МХП)-ның III съезінде капиталистік даму жолы Моңғолия үшін қолайсыз деп жарияланып 1925 жылы МХРП-ның IV съезінде партия бағдарламасы қабылданды, онда феодалдық тапты жою, елдің экономикалық тәуелсіздігін жеңіп алу социалистік қоғам құру деген идеология негізінде экономикалық алғышарттар құру міндеті қойылды.

XVII ғасырдың соңы XX басы 200 жылдай Қытайдың құрамында болған Моңғолия 1911 жылғы Моңғол халқының ұлт-азаттық қозғалысы нәтижесінде Қытайдың құрамынан сытылып шығып автономия мәртебесін жариялады. Моңғолия бұған дейін де Қытайдың құрамынан шығуға неше мәрте әрекет жасағанымен нәтижесіз болған. Бірақ 1911 жылы ыдырап тұрған Цин империясы кең империяны ұстап тұра алмады. Моңғолия өзін Қытайдан тысқары мемлекет ретінде жариялағанымен Қытай армиясы бірнеше жыл бойы бүлікшіл жиектерді ұстап тұруға тырысты. Дәл осы жылдары яғни 1917 ж Ресей империясының азамат соғысы басталды, көп «ақ әскерлер» Сібір және Қытай жеріне қашты. Дәл сондай әскери қолбасшылардың бірі Барон Унгерн фон Штернберг бастаған Ресейдің ақ армиясының азиялық атты әскер дивизиясы Моңғолияға кіріп, 1920 жыл қазан айынан бастап Да-Хүрее (қазіргі Ұлан-Батыр) қаласына бірнеше рет шабуылдап, 1921 жылы 23 ақпанда астананы қытай партизандарынан толығымен босатты. Нәтижесінде Богда хандығы Моңғол мемлекетін қалпына келтіріп, моңғолдар тәуелсіздікке ие болды. Яғни бұл кезде Моңғолияда хандық жүйе жалғасып жатқан сабепті Богданы хан сайлады. Сонымен қатар 1921 жылдың 3 айдың 1 де ресми түрде Моңғол халық партиясы құрылды. Уақытша үкімет құрылып партия төрағасы ретінде Данзан, премьер-министр ретінде Чагдаржав, сыртқы істер министрі ретінде Бодоо және халық армиясының генералы ретінде Сұхбатар тағайындалды. Осылайша Моңғолдар тәуелсіз мемлекет құру жолындағы алғашқы қадамдарының бірін жасады. Бірақ Моңғолия тәуелсіздігін әлемде ешбір мемлекет мойындамады мойындағысы келмеді себебі Ұлы Британия Ресей империясы сынды әлемдік державалар отар елдердің тәуелсіздік алуын қаламады. Мысалы, сыртқы істер министрі Д.Сазанов мемлекеттік думада сөйлеген сөзінде “Халха тәуелсіз мемлекет болуға тарихи тұрғыдан дайын емес, – деді. Себебі әскер, қаржыгерлер, мемлекеттік қызметкерлер де жоқ” деп қарастырды. Тіпті тәуелсіз мемлекет болуға қауқарсыз деп қарады. Осы жылы 5 қарашада Моңғолия Халық Республикасы Үкіметі мен Кеңес Одағы Үкіметі арасында келісімшарт орнап екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың құқықтық негізін жасады. Бұл келісім ресми түрде «Моңғолия мен Ресей арасында достық орнату туралы келісім» деп аталды. Көп кешікпей екі ел 1922 жылы Улан-Баторда және Мәскеуде елшіліктерін ашты. Алайда, Ресей Моңғолияны Қытайдың бір бөлігі ретінде заңды түрде мойындағанымен, сонымен бірге Қытайдың әсерін одан біртіндеп қысып, оны өзінің ықпал ету аймағына айналдыру саясатын жүргізді. Мысалы, сыртқы істер халық комиссары Г.Чичерин Моңғолиядағы Кеңестің өкілетті өкілі Никифоровқа: «Біз Қытай егемендігі кезіндегі Моңғол Халық Республикасының автономиясын жариялаймыз, бірақ іс жүзінде Моңғолияны кеңестік үлгідегі саяси және экономикалық ұйымға жақындату үшін жұмыс істейміз», – деді. Осы кезеңнен бастап КСРО Моңғол халық республикасына өз саясатын жүргізе бастады. Бұлкезең Моңғол халқы үшін ең ауыр түнекке толы тұманды күндерді бастан кешіріп жатқан кезі еді. Екі алпауыт империяның ортасында небәрі миллионға жетер жетпес халқы бар Моңғолияның тәуелсіз ел болуы да Моңғол халқының қайсарлығы деп айтар едік. Моңғол халқы тәуелсіздік деген қастерлі ұғымды ғасырлар бойы аңсады.

1924 жылы Богда хан қайтыс болды. Осы жағдай Моңғолияға үлкен өзгеріс алып келді. Осы күнге дейін хандық жүйе жалғасып келген Моңғолияда 1924 ж. 11 айдың 26 күні хандық жүйе түбегейлі жойылып, алғашқы мемлекеттік жаңа заң жобасы қабылданып Моңғол халық республикасы деп жариялады. Моңғолия тәуелсіздігі бұған дейін де бірнеше сатылардан өткен еді. Ғасырлар бойы аңсаған асыл арман жолында қаншама боздақ құрбандыққа шалынды, қаншама қайғы қасіретті бастан кешірді

әрине тәуелсіздіктің, еркіндіктің адамзат үшін құнды болатыны да осы себепті. Осылайша Моңғол халық республикасы өз тәуелсіз ресми түрде жариялап Моңғол тарихындағы тағы бір жаңа парағын ашты. Бірақ өзін тәуелсіз мемлекет ретінде жариялағанымен басындағы бұлт жақын уақытта сейілмейтінін сезді. Сол үшінде Моңғол халық республикасы Кеңес Одағына арқа сүйеуден басқа амалы қалмады. Моңғолияны Кеңес Одағынан басқа ешкім мойындамады және оған тәуелсіз мемлекет ретінде аяғынан нық тұру үшін әлі де көп нәрсе жасау керек болды. Моңғол халық республикасы мемлекеттік даму жолында еуропалық модельді ұстанғысы келгенімен экономикалық жағдай, сыртқы күштерден қорғану үшін амалсыздан Ресей империясының көмегіне жүгінді. Ал КСРО тарапынан алып қарайтын болсақ Олар Моңғол халық ре-89 «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция спубликасын тәуелсіз мемлекет ретінде мойындағанымен өз құрамына кіргізуді басты назарға ұстады. 1924 жылы Моңғолия халық партиясы (МХП) -ның III съезінде капиталистік даму жолы Моңғолия үшін қолайсыз деп жарияланды және партияның елдің капиталистік емес дамуы туралы жалпы бағыты жарияланды. Соған сәйкес 1925 ж. моңғол халық партиясының аты моңғол халықтық революциялық партиясы болып өзгертілді. Осы жылы МХРП-ның IV съезінде партия бағдарламасы қабылданды, онда феодалдық тапты жою, елдің экономикалық тәуелсіздігін жеңіп алу, социализм идеологиясы және феодализм құру үшін экономикалық алғышарттар құру міндеті қойылды. Моңғолия КСРО-да жүргізілген шараларға назар аударып отырып, социалистік қайта құрулар жолына түсті. 1924 жылғы МХП-дің алғашқы Конституциясы феодалдық жер иеліктерін жойды. Осылайша Ресей империясы барлық салаларға өз саясатын белсенді түрде жүргізе бастады. Тіпті бой ұсынбағандарды түрлі жала жауып аяусыз жазалады. 1922 жылы басталған саяси қуғын-сүргіннің белді кезеңі 1933 жылғы Лхумбе ісі болды. Ж.Лхумбе партияның орталық комитетінің хатшысы болған. Ж.Лхумбе мен іске қатысқан басқа адамдардан алынған айғақтарға сәйкес олар Жапондық барлау агенттігін құрып, революцияға қарсы қарулы көтеріліске дайындалуда деген дәлелсіз жала жабылды. Бұл жағдайға байланысты саяси, партиялық, әскери қызметкерлер және жүздеген бейбіт тұрғын қудаланды. Моңғол тарихында бейбіт халықтың өмірін жаламаған осы саяси қуғын сүргінді 3 кезеңге бөліп қарастырады. • 1922-1939 • 1940-1955 • 1956-1990 Жалпы репрессияға ұшырағандардың санын айтар болсақ репрессияның шарықтау шегі 1937-1939 жылдары 22-35 мың адам, жалпылама саны ең көбі 100 000 адам қаза тапты деп есептеледі. Алдыңғы көрсеткіш сол кезде Моңғолия халқының үш-төрт пайызын құрады. Оның 18000-ы монахтар болды. Сондайақ жазушылар мен ғалымдардың еңбектеріне тыйым салынды. Осы репрессияның нәтижесінде моңғолдың сол кездегі ұлы зиялылары тұтқындалып, жазаланды, олардың көпшілігі өлім жазасына кесілді. Тарихи және мәдени құнды ескерткіштер болып табылатын жүздеген ғибадатханалар да коммунистік зорлық-зомбылықтың құрбанына айналды. Қуғын сүргінде тек Моңғолдар емес жалпы Моңғол құрамындағы қазақ, буриадтар сынды барлық ұлт азаматтары қамтылды. Қуғын сүргінде көбі 40-60 жас азаматтары ұшырады. Яғни 40-60 жастағы адамдар бәрі моңғол дәстүрін бойына сіңірген Моңғол халқының енді ешкімнің езгісінде болуды қаламайтын зиялы қауым еді. Моңғол халқына қарсы жасалған бұл геноцид «интеллектуалды адасушылық» деп аталды. Осылайша көкірек көзінен айрылған Моңғол Халық республикасы КСРО ның ықпалында болуына тура келді. Социализмнің алғашқы кезеңдердің тағы маңызды оқыйғасының бірі Моңғол қоғамын жаппай қамтыған мал мүлікті ұжымдастыру мәселесі. Яғни барлық мүлік мемлекет меншігінде болуы тиіс бай кедей тең дәрежеде болу керек және барлық адам мемлекет үшін қызмет ету керек деген ұранмен барлық жеке меншікті мемлекет мүлкіне айналдырды. 1928 жылы басталған ұжымдастыру қозғалысы жүздеген жылдар бойы көшпенді болған моңғолдар үшін оңай болған жоқ. 1932 жылы ұжымдастыру қозғалысына қарсы үлкен қарсылық болды бірақ ұжымдастыру саясатын тоқтата алмады осылайша 1950 жылдарға дейін малшылар мен олардың малдары кооперативтерге тартыла берді. Осы жылдар аралығында «сталиндік» репрессия орын алды 1937-1939 жж. Яғни репрессия жылдарының алғашқы кезеңі аяусыз қанды қырғынның шарықтаған шегі болып саналады. 1928 жылдан басталған жаппай ұжымдастыру мәселесі 1959 жылы аяқталды

Моңғолия КСРО-да жүргізілген шараларға назар аударып отырып, социалистік қайта құрулар жолына түсті. 1924 жылғы МХП-дің алғашқы Конституциясы феодалдық жер иеліктерін жойды. Осылайша Ресей империясы барлық салаларға өз саясатын белсенді түрде жүргізе бастады [3]. Бағынбағандарды қызметінен айыру, жер аудару немесе өлім жазасына кесу сынды қатаң жазалауларды қолданды. Социалистік қоғам құру идеясы жергілікті халықты үлкен дүрбелеңдікке алып келді. Моңғол революциясын кеңестік үлгіге енгізу үшін Моңғол үкімет басындағы көшбасшыларын репрессияға ұшыратып. Данзан, Бодо, Дамважав секілді сол сәттегі беделді тұлғаларды жоғарғы лауазымдардан босатты. Коминтерн шарты бойынша дворяндардың, ұлттық буржуазияның, зиялы монахтардың мүлкі әлеуметтендірілді (құны 10 млн. теңге болатын жылжымайтын мүлік). Нәтижесінде 1928-1932 жылдар аралығында Моңғол экономикасының негізгі көзі болып есептелетін 6 миллион мал басы шығындылды

[4]. Мал мүлікті тәркілеу, яғни мал мүлік үкіметтің еншісі болуы керек, барлығын үкімет басқарады қарапайым халық үкімет үшін еңбек етеді деген социалистік жолмен даму бағдарламасы үкімет пен халық арасында қарсылық туындатты. Себебі зиялы қауым Моңғол халық республикасының социалистік жолмен яғни кеңестік даму жолына қарсы болды. Зиялы қауымның кейбірі социалистік қоғам құру Моңғолия үшін тиімсіз екенін оның оң нәтиже бермейтінін алға тартты. Міне осы себепті қарсы көзқарастағы адамдарды биліктен тайдырып қатаң жазалар ұйымдастырды. Халықты өз саясатына бағындыру, өз дегендерімен жүргізу үшін сол қоғамдағы сенімді тұлғалардың көзін жою сол арқылы қоғамға жаңа түсініктер енгізу, қоғамды басқа арнаға бұруды басты назарда ұстанды. Осы кезеңдегі репрессияға ұшыраған адамдардың жасын алып қарайтын болсаңыз дені 30-60 жас аралығы. Неге? Себебі бұлардың бәрі білімді азаматтар болды олар діни тұрғыда, ғылыми тұрғыдан да халыққа жол көрсете алатын тәжірибелі азаматтар болды. Олар ешкімнің айтқанына көнбейтін, ешкімнің езгісіне шыдамайтын өздеріне сенетін қайсар тұлғалар болды. Бұлардың бәрі кешегі Қытайдан бөлініп шығуға ықпал еткен өмірде еркіндіктен асқан құнды ештеңе жоқ деп түсінетін адамдар еді. Міне сол үшін олар Ресей саясатына қарсы болды [5]. Осылай басталған қарама қайшылық 1932 жылғы Моңғолияның батыс аймақтарындағы болған қарулы көтерілістің болуына әкеліп соқтырды. Бұл оқиға ХХ ғасырдағы Моңғолия тарихында ең елеулі оқиғалардың бірі болды. Себебі бұл қаншама адамның кінәсіз атылып кетуіне қаншама адамның өз елінен жыраққа босып кетуіне әкеліп соқтырған қанды оқиға болып саналады. Және осыған қатысты қаншама тарихи құжаттар әлі күнге дейін жасырын жатқаны тарихшылардың бұл тақырыпты осы уақытқа дейін зерттеуіне әсер еткен болса керекті. Салдарынан екі тарапта көптеген адам шығынына ұшырады. Осы көтеріліс барысында жалпы саны 4200 адам өлім құшты. Көбі майданда оқ құша, көбі шайқастан кейін ату жазасына кесілді. Сонымен қатар 45 ке жуық ауыл әкімшілік орындары, аурухана, мектеп, мәдениет үйі, сауда орындары қиратылды. Осы жағдайдың бәрі ел экономикасына айтарлықтай тежеу жасады [6]. Бұл оқиға Моңғолия тарихындағы болған ең ірі қарулы көтеріліс болып саналады. Осылай халықтың қарсылығынан туындаған көтерілістер, бағынбаушылық және оны басуға қолданған қарсы күш көрсету процесесі Моңғолия тарихындағы репрессия, жазықсыз жазалау қозғалысы болып саналады. Моңғол тарихында болған жалпы саяси қуғын сүргінді 3 кезеңге бөліп қарастырады.

I. 1922-1939 жж.

II. 1940-1955 жж.

III. 1956-1990 жж.

Жалпы репрессияға ұшырағандардың санын айтар болсақ репрессияның шарықтау шегі 1937-1939 жылдары 22-35 мың адам, жалпылама саны ең көбі 100 000 адам қаза тапты деп есептеледі. Алдыңғы көрсеткіш сол кезде Моңғолия халқының үш-төрт пайызын құрады. Оның 18000-ы монахтар болды [7]. Сондайқ жазушылар мен ғалымдардың еңбектеріне тыйым салынды. Осы репрессияның нәтижесінде моңғолдың сол кездегі ұлы зиялылары тұтқындалып, жазаланды, олардың көпшілігі өлім жазасына кесілді. Тарихи және мәдени құнды ескерткіштер болып табылатын жүздеген ғибадатханалар да коммунистік зорлық-зомбылықтың құрбанына айналды. Қуғын сүргінде тек Моңғолдар емес жалпы Моңғол құрамындағы қазақ, буриадтар сынды барлық ұлт азаматтары қамтылды. Айталық Мурэн қала маңында жаппай жерленген қабірде 5 мыңға жуық атылған монахтардың сүйектері табылаған. Яғни бұл сол кезеңдегі моңғолияның ересек азаматтарының 1% құраған [8]. Моңғол халқына қарсы жасалған бұл геноцид «интеллектуалды адасушылық» деп аталды. Осылайша сыртқы күштердің қысымы, сонымен қатар ішкі сатқындықтарға тап болған Моңғол қоғамы КСРО ның ықпалында болуына тура келді. Жоғарыда айтып өткеніміздей Социализмнің алғашқы кезеңдердің маңызды оқыйғасының бірі Моңғол қоғамын жаппай қамтыған мал мүлікті ұжымдастыру мәселесі болды [9]. Яғни барлық мүлік мемлекет меншігінде болуы тиіс бай кедей тең дәрежеде болу керек және барлық адам мемлекет үшін қызмет ету керек деген ұранмен барлық жеке меншікті мемлекет мүлкіне айналдырды. Ұжымдастыру қозғалысы жүздеген жылдар бойы көшпенді болған моңғолдар үшін оңай болған жоқ. 1950 жылдарға дейін малшылар мен олардың малдары кооперативтерге тартыла берді. 1928 жылдан басталған жаппай ұжымдастыру мәселесі 1959 жылы аяқталды. Нәтижесінде республика бойынша 389 бірлестік орнады.

**Талқылау:** Екі ел арасындағы саяси қарым қатынас нәтижесінде көптеген жұмыстар жасалды. КСРО Моңғолия одақтастық тарихындағы тағы бір елеулі оқиға халхын гол (халха өзен) шайқасы болды. Халха өзеніндегі шайқас Ресей мен Моңғолия арасындағы көп ғасырлық достықтағы шешуші оқиға болды. Қиын-қыстау кезеңде бір-біріне көмек қолын созып, екі ел ағайын-туыс болып, дала халқының тәуелсіз мемлекет құруына атсалысып, екі елдің болашағын айқындаған тарихы бар. Халхын гол шайқасының басталуы және оның нәтижесі туралы да әркім әр түрлі көзқараста ойлайды. Бұл шайқастың басталуының негізгі себептерінің бірі 1939 жылы **Барған сайын агрессивті бола бастаған Жапонияның**

Транссібір темір жолына тосқауыл қоюы Кеңес үкіметін қатты үрейлендірді. Кейінірек Сталин 1945 жылы Чан Кайшидің ұлы Цзян Цинге: «Сыртқы Моңғолия тәуелсіз болуы керек еді, өйткені ол Кеңес Одағы үшін өте маңызды стратегиялық орталық болды. Егер басқыншылар Моңғолияға басып кіріп, Транссібір темір жолын кесіп тастаса, Кеңес Одағы жойылар еді». Шынында да, Маньчжурияны алған жапондар Моңғолия Халық Республикасын, Ішкі Моңғолияны, Шыңжаңды басып алып, КСРО мен Қытайды толығымен бөліп тастауы мүмкін еді. Сондықтан Кеңес өкіметі Жапонияны Қытай Халық Республикасынан, яғни Транссібір темір жолы мен Байкал көлінен алшақ ұстауға, Қытайдағы қытай-жапон соғысын Моңғолия шекарасынан барынша алыстатуға мүдделі болды. Маньчжурия мен Ішкі Моңғолияны басып алған жапондықтар кеңес-қытай тікелей байланысын үзуге жақын болды. Алайда Сталин қытайларды қолдап, соғысты ұзартқанша Қиыр Шығыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қос ойын ойнады. Ал Сталинге келсек, ол соғыстың екі жағымен жақсы қарым қатынаста болып, егер соғыс Қытай үшін толық жеңіліспен аяқталса, бұл Сталин үшін үлкен қауіп төнетін еді. Сондықтан ол бүкіл Қиыр Шығысты қамтитын үлкен қорғаныс жүйесін құруға шешім қабылдады. Бұл қорғау жүйесіне Моңғолия Халық Республикасы да кірді. Бұл мақсатқа Моңғолияның қиыр басшыларын көндіріп, қызылдар армиясын Моңғолияға кіргізу арқылы өз мақсатына қол жеткізді. Жалпы оқырманға ескертетін мәселе Моңғолияның бүгінгідей ел болып қалыптасуына КСРО тарапынан көптеген игі істер жасалғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Көптеген өндірістер, жұмыс орындардың ашылуы деген сияқты мәселелердің бәрі ел өркеніне зор үлесін қосқаны анық, дегенмен көмек тек бір тараптан болған жоқ. Мәселен, Моңғолия Халық Республикасы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес Одағына көмек жіберді, Бүкіл ел бойынша мал, ет, тері, киім-кешек, қолма-қол ақша, алтын сыйға тартылды. 1942 жылдың аяғында ғана Мәскеуге 236 вагоннан тұратын төрт колонна жеткізілді, олардың әрқайсысында 30 мың қой терісі, киіз етік, тон, 600 тонна азық-түлік, оның ішінде 27 мыңға жуық қарақұйрық бар. Моңғолдар қолма-қол 2,5 миллион төгрөг және 100 000 АҚШ долларын және 300 кг алтын, 53 танктен тұратын революциялық моңғол танк бригадасы, оның ішінде 32 ең мықты деп танылған Т-34 танкі болды. Соғыс кезінде моңғол халқы Қызыл Армияға 485 мың жылқы сатып, 32 мың мініс атын сыйға берді. Бұл моңғолдардың ортақ жауға қарсы күреске барынша атсалысқандығының белгісі. Ал 1939 жылғы Халха өзеніндегі соғыста кеңес-моңғол біріккен әскері жапон әскерлерін талқандады. Осы шайқастың нәтижесінде Кеңес Одағы Жапониямен бейтарап келісімге қол қойды. Екінші дүниежүзілік соғыстың соңғы күндерінде Қытай Халық Республикасы Кеңес Одағымен бірге Жапонияға соғыс ашты. 1945 жылы Иосиф Сталин мен Чан Кайши Жапонияға қарсы одақ құрды, сол кезде Қытай Халық Республикасы Моңғолияның тәуелсіздігін мойындады. 1952 жылы 26 қаңтарда Чойбалсан Хорлоо Мәскеуде қайтыс болғанда, билік Юмжаа Цеденбалға өтті. Содан бері салыстырмалы тыныштық орнады. 1961 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып, Батыс елдерімен дипломатиялық қатынас орнатты. Сонымен бірге 1960 жылдары КСРО мен Қытай арасындағы қарым-қатынас үзіліп, Моңғолия Кеңес Одағына мүше болды.

Жалпы сөз соңын қортындылай келе оқырманға ескертетін мәселе Моңғолияның бүгінгідей ел болып қалыптасуына КСРО тарапынан көптеген игі істер жасалғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Көптеген өндірістер, жұмыс орындардың ашылуы деген сияқты мәселелердің бәрі ел өркеніне зор үлесін қосқаны анық, дегенмен көмек тек бір тараптан болған жоқ. Моңғолия тарапынан да Ресейге жұмыс күші ретінде, шикі зат ретінде де өте көп мөлшерде қайтарымсыз жәрдемдер көрсетілді. Бұның өзі бір мақалаға жүк болатын мәселе болғандықтан бәрін бір тақырып аясында баяндау мүмкін болмады [10].

**Зерттеу нәтижесі.** Ресей империясының өткен ғасырлардағы басқаларға көрсеткен ықпалын қандай күш қуатқа ие болғанын бәріміз білеміз. Ресей Қиыр және Таяу Шығыста, Орталық Азияда өз ықпалын жүргізді. Нәтижесінде ХХ-ғасыр КСРО 15 мемлекетті өз құрамына кіргізіп оларға өз саясатын емін еркін жүргізіп отырды. Дәл осы уақытта яғни ХХ-ғасырдың 20 жылдарынан бастап Моңғолияда КСРО ықпалына тәуелді болды. Моңғолия Ресейден тысқары тәуелсіз мемлекет ретінде көрінгенімен 16-шы республика ретінде саналды. Ресей Моңғолияны түпкілікті билеу үшін әуелі әр түрлі реформалар жүргізіп, елдік-этникалық ұйытқысын ірітіп, елді тұтастықтан айырды [11]. Бағынғанын шен шекпен беріп маңызды қызметтерге тағайындап, бағынбағандарды аяусыз қырып жер аударып айдады. Өз құрамындағы басқа отар елдерге қандай саясат жүргізсе Моңғолияға да дәл сондай көзқараста болды. Егер қуғын сүргінге, саяси қырғынға ұшыраған адамдардың санын есепке алып қарайтын болсақ ең көбі 100 мыңдай адам саяси құрбанға айналған. Әрине Қазақстанда болған жағдаймен салыстырғанда бұл өте төмен көрсеткіш. Бірақ бұл 100 мың адамды жойып жіберуі сол кездегі Моңғол халқы үшін өте ауыр шығын болды [12].

Біріншіден Моңғол халқының саны ол кезде тым аз болды, екіншіден бұл адамдардың түгелге жуығы зиялы қауым болатын оның ішінде дені саяси тұлғалар, ақын жазушылар, монархтар болды. Бүгінгі күнде Моңғолия тәуелсіз мемлекет, бір атап айтары олар өз тілін, мәдениетін таза қалпында сақтап қалды. Қайталап айтар бір мәселе кеңестік кезеңде құрамдағы мемлекеттердің бүгінгі келбетінің қалыптасуына ықпалы болғанын бәріміз білеміз қаншама заводтар, савхоздар салынып қаншама шаруашылық



ашылғанын құжаттарда дәлелдейді. Бірақ КСРО ның құрылу барысындағы қарапайым халыққа жасалған қатыгездік, кінәсіз адамдарға жасалған аяусыз айуандығы тарихтағы жасалған кешірілмес қылмыс. Сөз соңында айтарымыз тарихтағы болған оқиғаларды сараптай отырып адамзат үшін тәуелсіздіктен, еркіндіктен асқан ештеңе жоқ екенін және әрбір ұлттың, әр бір жеке адамның өзінің таңдауы болатыны, әркімнің өмірдегі өз еншісін толық иеленуге қақы бар екенін ұғамыз. Сонымен қатар кез келген қоғамды кара күшпен басқару мүмкін емес екені, өркениеттің кілті еркіндік екенін қазіргі уақытта одан басқа ешқандай абсалютты ұғым жоқ екенін тарих өзі дәлелдеп отыр.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Кузьмин С. Л. *История барона Унгерна. Опыт реконструкции.* — М.: КМК, 2011. — ISBN 978-5-87317-692-2
2. *Восстание в Монголии в 1932 г.* / Кузьмин С.Л., Оюунчимэг Ж. — Москва «Баспа үйі MBA» 2015. — 212 с.
3. *Ногоон нүдэн лам. /Цэдэвдамбын Оюунгэрэл.* — Улаанбаатар 2008.
4. *Жаран цагаан хонь.* /Цэдэвдамбын Оюунгэрэл. — Улаанбаатар, “Сэлэнгэ пресс” 2017, 213 б.
5. *Базаров В.Б. Посткеңестік кезеңдегі орыс-моңғол қатынастары: ынтымақтастықты тереңдету* // Күш. 2016. No 6. — Б 81–86.
6. *Christopher Kaplonski. Thirty Thousand Bullets. Remembering political repression in Mongolia. Mass Buddhist Grave Reported in Mongolia* — NYTimes.com
7. *Архив АВПРФ, ф. 111, оп. 3, п. 3, д. 8, л. 1*
8. [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D0%BD%D0%B3%D0%BE%D0%BB%D1%8C%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F\\_%D0%9D%D0%B0%D1%80%D0%BE%D0%B4%D0%BD%D0%B0%D1%8F\\_%D0%A0%D0%B5%D1%81%D0%BF%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D0%BA%D0%B0](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D0%BD%D0%B3%D0%BE%D0%BB%D1%8C%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F_%D0%9D%D0%B0%D1%80%D0%BE%D0%B4%D0%BD%D0%B0%D1%8F_%D0%A0%D0%B5%D1%81%D0%BF%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D0%BA%D0%B0) - cite\_ref-autogenerated2\_14-0 Архивированная копия (недоступная ссылка). Дата обращения: 31 мая 2015. Архивировано 4 сентября 2017 года.
9. *Батсайхан О. Встречи И. В. Сталина с монгольскими руководителями в 1932—1937 годах.* // Восток, № 3, 2011, С. 142—146.
10. *Бреславский А.С. Бурят БАҚ айнасындағы Моңғолияның геосаяси бейнелері (2000–2011)* // Билік. 2013. № 5. — 76–78-беттер.
11. *Ривз Дж.Руссо-Моңғолия қатынастары: бұрынғыдан да жақын* // Орыс аналитикалық дайджесті. 2015. Жоқ. 161. 30 қаңтар. 2-5 б.
12. *Железняков А.С. Моңғол өркениеті: тарих және қазіргі заман. Атластың теориялық негіздемесі.* — Мәскеу: Вес Мир, 2016 ж.

*References:*

1. *Kuzmin S. L. History of Baron Ungern. Reconstruction experience.* — М.: КМК, 2011. — ISBN 978-5-87317-692-2
2. *The uprising in Mongolia in 1932* / Kuzmin S.L., Oyunchimeg Zh. — Moscow "Baspa uyi MBA" 2015. - 212 p.
3. *Nogoon nüden lam. /Tsedevdambyn Oyungerel.* — Ulaanbaatar, 2008.
4. *Zharan tsagaan hon. /Tsedevdambyn Oyungerel.* — Ulaanbaatar, “Selenge press” 2017, — 213 b.
5. *Bazarov V.B. Postkenestik kezendegi orys-mongol katynastary: yntymaktastykty terendetu* // Kush. 2016. No 6. B 81-86.
6. *Christopher Kaplonski. Thirty Thousand Bullets. Remembering political repression in Mongolia. Mass Buddhist Grave Reported in Mongolia* — NYTimes.com
7. *Archive of AVPRF, f. 111, op. 3, p. 3, d. 8, l. one*
8. <https://ru.wikipedia.org/wiki/> Archived copy (inaccessible link). Retrieved 31 May 2015. Archived from the original on 4 September 2017.
9. *Batsaikhan O. Meetings of I. V. Stalin with the Mongolian leaders in 1932-1937.* // Vostok, No. 3, 2011, pp. 142-146.
10. *Breslavsky A.S. Buryat BAK ainasyndagy Mongoliyanyn geosayasi beineleri (2000–2011)* // Bilik. 2013. No. 5. 76–78 better.
11. *Reeves J. Russo-Mongolia katynastary: buryngydan da zhakyn* // Orys analytical digest. 2015. Zhok. 161. 30 qantar. 2-5 b.
12. *Zheleznyakov A.S. Mongol orkenieti: tarikh zhane qazirgi zaman. Atlasty teoriyalyk negizdemesi.* Muskeu: Weight World, 2016